

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 215 (9277) | 1953 жылғы 25 октябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында біздің елімізде социалистік өнеркәсіп жедел қарқынмен өркендетуде, оның барлық саласында еңбек өнімділігі үздіксіз артып келеді. Бұл ең алдымен өндіріске жаңа техниканы кеңінен енгізу, оны барынша толық механикаландыру, электрлендіру, еңбек ұйымдастыруды жақсарту, жұмысшылардың техникалық білім және мамандық дәрежесін барған сайын арттыра беру арқылы қамтамасыз етіліп отыр.

Бүкіл еліміздің өнеркәсібі сыяқты облысымыздың өнеркәсіп орындары да өндіріс мәдениетін көтеріп, жоғары сапалы өнімді көп шығаруға мүмкіндік беретін отандық жаңа техникамен жылдан жылға мол жабдықталуда. Олай болса, облыс өнеркәсіп орындарында өнім шығаруды үздіксіз ұлғайтып, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын, толық және асыра орындауға мүмкіншіліктер жеткілікті.

Техника қуатын үнемді пайдаланып және өндіріс процестерін ұдайы жетілдіріп, жылдық жоспарды ойдағыдай орындай келе жатқан кәсіпорындары облысымызда аз емес. Бірқатар өнеркәсіп орындары бәсеңсіз бәсеңділікте алға қойылған міндеттерді мінсіз жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, нәтижесінде күрделі табыстарға жетті. Бұлғыр заводы, темекі жасау фабрикасы, нан комбинаты үстіміздегі жылдың тоғыз айлық өндірістік жоспарын артығымен орындады. ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының және СОВН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарымен жігерленген бұл кәсіпорындарының коллективтері өнім шығарудың үстіміздегі жылғы жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесіне лайықты өндірістік тартулар әзірлеу жолындағы күресті күшейтіп, аталған кәсіпорындарының коллективтері осы жылғы октябрь айының жоспарын да ойдағыдай орындап келеді.

Алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының тақрибесі барлық жерде жылдық өндірістік жоспарды мінсіз орындауға, өнімді көп шығаруға және оның сапасын жақсартуға ішкі күш-мүмкіншіліктердің жеткілікті екендігін көрсетеді.

Алайда, облыстың бірсыпыра кәсіпорындарында өндіріс қуаты нашар пайдаланылады, машиналар мен жабдықтар бабында ұсталмайды, олардың жұмыс өнімділігі төмен. Техникалық жабдықтар

қайтадан өңделеді. Кәзір заводта өнімнің өзіндік құны бытырғы жылғымен салыстырғанда едәуір қымбаттады.

Партиямыз бен үкметіміз халық тұтынатын товарлар молшылығын жасау міндетін алға қойып отыр. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы еңбекшілер тұтынатын товарлар өндіретін кәсіпорындарының ұдайы өнімді жұмыс істеуін талап ететіні белгілі. Осыған байланысты облыстың халық тұтынатын товарлар шығаратын кәсіпорындары еңбек өнімділігін арттырып, өндірістік тапсырмаларды барлық көрсеткіштер бойынша орындауға жеткізуге тиісті еді. Бірақ, бірсыпыра кәсіпорындарының жұмысы бұл талапқа сай болмай келеді. Оларда өнім жоспарлағыдан көп кем өндіріледі, оның түр-түрі кем, сапасы нашар болып жүр.

Қаладағы Париж Коммунасы атындағы аяқ киім фабрикасында жағдай өте-өте нашар. Фабрика ішкі өндірістік мүмкіншіліктерді дұрыс пайдаланбауы себепті бұйым шығарудың жоспарын ай сайын орындамайты. Мәселен, осы жылдың өткен тоғыз айы ішінде жүздеген пар шығарып жоспардан кем шығарды. Амаң не, бұл сыяқты тегісіз жағдайға фабрика басшылары қынжылар емес.

Жалғыз бұл ғана емес, еңбекшілер тұтынатын бұйымдар өндіретін «Божихимик», Панфилов атындағы және «Деревообделочник» кәсіпшілік артельдерінде де жылдық жоспардың орындалуы қанғатанғысыз. Бұл артельдерде ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалану, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру, бұйымдардың өзіндік құнын кеміту жолындағы күрес нашар ұйымдастырылған. Осы себептен олар жұмысты нашар істеп, еңбекшілердің тұтынуына аса қажетті бұйымдарды өте кем беруде.

Өндірістік жоспар — әрбір кәсіпорны үшін бұлжымас заң. Шаруашылық басшылары және партия ұйымдары жылдық жоспардың өндірістің барлық учаске-терінде, барлық көрсеткіштер бойынша толық орындалуын қамтамасыз етуге, кәсіпорнының бірқалыпты жұмыс істеуіне бөгет болып отырған себептерді кезінде зиянып, оны қолма-қол жоюға міндетті.

Жылдық жоспарды орындауда артта қалған кәсіпорындары коллективтері алдында аса күрделі міндет тұр. Олар тыңғылықты жұмыс істеп, артта қалушылықты тез жоюға, өнімді көп шығаруға, сойтып, 1953 жылдың өндірістік жоспа-

Колхозды мол табысты, көп салалы шаруашылыққа айналдырамыз

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында еліміздің социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өркендетудің, соның негізінде таяудағы 2—3 жылдың ішінде халқымыз үшін азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасаудың нақтылы шаралары белгіленді. Міне, сондықтан да бұл қаулы колхозшы шаруалардың саяси және өндірістік белсенділігін бұрынғыдан да арттыра түсті.

Пленум қаулысында колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан мейлінше нығайту, оларды көп салалы шаруашылықтарға айналдыру жөнінде күрделі міндеттер қойылған. Біздің колхоздың мүшелері бұл міндеттерді аброймен жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысты барған сайын өрістетіп түсуде. Олар колхоз өндірісінің барлық саласын жедел қарқынмен өркендетудің практикалық шараларын белгіледі. Сойтып, ол шараларды жүзеге асыру үшін көтеріңкі міндеттемелер алып, оны жүзеге асырула.

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЫҚТАП ӨРКЕНДЕЙДІ

Қоғамдық мал шаруашылығы колхоз өндірісінің мол табысты және ең негізгі саласы. Демек, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын мықтап өркендету ауыл шаруашылығындағы негізгі міндет. Біздің колхоздың колхозшылары мал шаруашылығын өркендетуде бірқатар табыстарға ие болып келеді.

Колхозда мал өсірудің үстіміздегі жылғы тағайындалған мемлекеттік жоспары жылқыдан, қойдан және қустан едәуір артық орындалды. Сыйыр малы мен шошқа өткен жылғыдан 15—20 процент көбейді. Мұнымен бірге қоғамдық малдың өнімділігі де едәуір артты.

Алайда, бұл табыстар бізді қанағаттандырмайды. Мал басының көбеюі және оның өнімділігін арттыру біздің мүмкіншіліктерімізге сай болмай отыр. Біз осы күнге дейін жетектеген аналық малдардың қысыр қалуына, мал басының шығын болуына жол беріп келеміз. Мал тұқымын асылдандыра беру жөніндегі міндеттерді де орындауды тиісті дәрежеде емес. Қорыта айтқанда, біз қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің мәдениетін жоғары сапалы көтере алмай келеміз.

Мал шаруашылығын өркендетуде артта қалушылықтың ең негізгі себебі — жем-шөп қорының жеткілікті мөлшерде жа-

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі жақындап келеді.

Колхоз, совхоздар мен МТС-терде және өнеркәсіп орындарында Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең өрістетіп, даңқты мерекені лайықты табыстармен қарсы алайық!

★
О. ҚАНАПИН,
Совет ауданы, Ленин атындағы
колхоздың председателі

★
Малдарды қунарлы азықтармен азықтандыру олардан алынатын өнімді арттырудың негізгі шарты болып табылады. Колхозда сауын сыйырларды, саулықтарды, мерекелерді азықтандыру үшін 2710 центнер шөп сүрленіп, 4000 центнерге жуық тамыр-жәмісті өсімдіктер дайындалған. Бұл азықтар оларға ұнтақталып беріледі. Бұл үшін жел дірмені, азық тұрағын жабдықтады. Келесі жылдан бастап екіне шөптердің егіс көлемі едәуір ұлғайтылады, мал жайылымдық учаскелердің ауыспалы тәртібі енгізіледі. Тамыр-жәмісті өсімдіктің егіс көлемі екі есе ұлғайтылады. Бұл — өнім беретін әрбір ірі мал үшін кезінде 3 тонна тамыр жемісті азықтар дайындалуын қамтамасыз етеді.

Алынған төлдерді аман өсіру үшін төл алу науқанын жоспарлы түрде жүргізе отырып, 1954 жылдан бастап төл алу маусымын февраль, март айларында өткізетін боламыз. Бұл төлдің суыққа төзімді болуына, қойдан жүнді неғұрлым мол алуға мүмкіншілік береді.

Партияның Орталық Комитетінің Пленумы мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды негізінен механикаландыруды талап етті. Біздің колхозда бәсеңсіз бесжылдықтың аяғына дейін фермалардағы ауыр жұмыстар негізінен механикаландырылады. Бұйыл мал суару жұмысы механика күшімен атқарылады. Келесі жылы сыйырлар электр агрегатымен сауылатын болып, сыйыр фермасының қораларына аспалы жол салынады.

КАРТОП ПЕН ОВОЩ ӨНДІРІСІН ҰЛҒАЙТА БЕРЕМІЗ

Картоп пен овощ өндіру жөнінде Пленум қаулысында атап көрсетілген кемшіліктер біздің колхозда да тән. Біз бұл дақылдардың көлемі мен өнімін молайтуға осы уақытқа дейін жете мей бермей келдік. Осының салдарынан бізде картоп пен овощ өндірісін ұлғайтудың мүмкіншілігі тиіпті қанағаттанғысыз пайдаланылып келеді, олардың өнімін арттырудың прогрестік әдістері кеңінен қойданылмады. Бұл қателікті енді біз қайталамайтын боламыз. Келесі жылы картоп және овощ өндірісін кеңейтіп, ұлғайтып, оның

Зияб жырту жұмысы қызу жүргізілуде. Бұған машина қуатын сарқа пайдаланамыз. Қыстың күндері барлық егіс көлеміне қар тоқтатуды және көктемде қар суын бөгеуді көздеп отырамыз.

Көктем шығысымен 132 гектар күздік егіс жергілікті тыңайтқышпен, 26 гектар минеральды тыңайтқышпен көрекпендіріледі. Сол сыяқты, 700 гектар жаздық бидай тоғыспалы, тарқатарлы әдіспен егібеледі. Агротехникалық мұндай шараларды жүзеге асыру нәтижесінде біз 1954 жылы дөңді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден өнім жыйнауға жетісеміз.

Мұнымен бірге, келесі жылы 155 гектар майлы егіс егіліп, олардың әрбір гектарынан орта есеппен 6 центнерден өнім алынады. Қунабақтың барлығы да шаршы-ұялы әдіспен себіледі. Біз дөңді және майлы егістердің барлық көлемін жазда жақсы баптап күтуді тынақты ұйымдастырамыз.

ТАБЫС КІЛТІ — ЕҢБЕКТІ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДА

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру, ішкі резервтерді сарқа пайдалану ғана табысқа жеткізеді. Солай бола тұрсада, біз колхоз өндірісінің барлық саласында еңбекті дұрыс ұйымдастыра алмай келеміз. Мал фермаларында жұмыс күнінің тәртібі қатаң сақталмайды. Егіс және трактор бригадаларының арасында осы күнге дейін тығыз ынтымақ орнатылмай отыр. Колхоз басқармасы еңбек тәртібін бұзушылармен, жалқаулармен ымырашылдық жасап келеді. Еңбекте табысқа жеткен озат колхозшылардың ынтысын көтере беру үшін шаралар жете қолданылмайды.

Колхоз басқармасы бұдан былайғы жерде еңбекті дұрыс ұйымдастырып, еңбек тәртібін нығайта беру мәселесімен күнбе-күн шұғылданып отырады. Бригадаларда, фермаларда істейтін колхозшылардың құрамы тұрақтандырылып, олардың жиі ауысуына жол берілмейді. Колхозшыларға еңбеккүн істеген жұмыстың саны мен сапасына қарай жазылады.

Трактор және егіс бригадасының бригадирлеріне жұмыстың жазғы маусымы кезінде істелген жұмысқа күн сайын қорытынды жасалып, келесі күні жүргізілетін жұмысты бірлесіп жобалап отыру тапсырылды. Бұл ол бригадалардың арасында тығыз ынтымақ болуына жетістіреді.

Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс

Вагоншылар табысы

Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан Петропавл вагон жөндеу депосының коллективі еңбек өнімділігін барған сайын арттырып, жақсы нәтижелерге ие болуда.

Депода, әсіресе, механикалық цехтың таңдаулы токарьлары Михайлов және Осипенко жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Бұлар мереке құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, күндіз жұмыс нормаларын үш есеге дейін асыра орындауға жетісті.

Сол сыяқты, ұста Буренков және оның көмекшісі Мукавин жолдастар да жарыста алған көтеріңкі міндеттемелерін үнемі асыра орындауда. Ал, болат жонұшы Суханова жолдас бұрын еменалық тапсырмасын күн сайын 200 процент орындайтын еді. Мереке құрметіндегі социалистік жарыс күндерінде ол еменалық норманы 340 процент орындап жүр.

Орта жөндеу цехындағы Золотухин жолдас басқарған бригада — деподағы алдыңғы қатарлы бригадалардың бірі. Вагон жөндеу жұмысын тығызлықты жүргізу арқылы бригада мүшелері күніне бір вагонды ерта жөндеуден өткізуге жетісіп отыр. Осымен бірге, вагондардың жөндеу сапасы бұрынғыдан жақсара түсті.

Вагон жөндеу депосының коллективі қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, Ұлы Октябрь мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алатынына ешбір күмән жоқ. Бұған олардың кәзіргі қол жеткен табыстары толық айғақ.

Ж. ӘЛМАҒАНБЕТОВ.

Әдемі, мықты киімдер пігуде

«Комсомолка» тігін фабрикасы № 3 цехының коллективі бұл күндері өнімді еңбек етіп жүр. Тігіншілер Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылғы құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, іс тігудің қарқынын күн сайын күшейте түсті.

Мұнда Анна Мокшина, Софья Бочанцова және Александра Кононенко жолдастар басқаратын бригадалар қажырлы еңбек етіп жүр. Бұл бригадалардың тігіншілері соңғы біржарым айда күзгі-қысқы маусым

тер өрескел бұраланып, ақауға жол беріледі. Ал, бұл кәсіпорындарында еңбек өнімділігінің кеміп, жылдық өндірісті жоспардың қанағаттанғысыз орындалуына әкеліп соғып отыр.

Жылдық жоспарды орындауға қаладағы Киров атындағы завод төзгісіз арта қалып келеді. Осы жылдың тоғыз айлық жоспары мұнда небары 72,5 процент ғана орындалды.

Бұл неліктен? Заводтың осыныша арта қалуының себебі неде? Ең басты себебі — заводта өндірістің ұйымдастырылуы нашар, технологиялық процестерді жетілдіру ісі жолға қойылмаған. Маман кадрларды даярлау, олардың техникалық білім дәрежесін арттыру ісі де қанағаттанғысыз. Заводта кадрлар мамандығына, іскерлік қабілетіне қарай жұмысқа орналастырылмайды.

Механикалық цех — заводтың ең күрделі цехы. Алайда, бұл цехта еңбек өнімділігі төмен. Ол өндірістік тапсырманы көбінесе орындамайды. Сондай-ақ, заводтың механикалық цехында маман станокшылар жетіспейді. Бұл технологиялық процестердің бұзылуына, өнімнен ақаудың көп жіберілуіне әкеліп соғып отыр. Бірақ, не пайда, завод басшылары өнім шығаруға бөгет болып отырған мұндай кемшіліктерді жою жөнінде шұғыл шаралар қолданбай келеді.

Өндірістік жоспардың орындалуы шағын двигателдер зауытында да қанағаттанғысыз. Завод осы жылдың өткен тоғыз айындағы өндірістік жоспарды орындай алмады. Мұнда да технологиялық процестердің менгерілуі тиісті дәрежеде емес. Жаңа двигателдерді шығаруды меңгеру баяу жүргізіліп келеді. Міне, осының салдарынан өнім шығару қарқыны өте баяулап кетті. Оның үстіне, шығарылған өнімнің көбінен ақау кездесіп,

оны оңдаудан орындауға жетуге тиіс. Осымен бірге, әрбір кәсіпорынның жұмысын партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында, ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының шешімдерінде, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындау дәрежесінде ұйымдастырып, жүргізу керек.

Жылдық жоспарды толық орындау үшін өнеркәсіп жұмысшылары ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануға, өнімнің сапа көрсеткіштерін жақсартуға, үнем үшін күресті күшейтуге, өнімнің өзіндік құнын кемітуге жетісуге тиіс. Кәсіпорындарында өнімде ақаудың жіберілуін, материалдар мен отынның, электр қуатының орынсыз пайдаланылуын біржолата жою қажет.

Әрбір кәсіпорында жылдық жоспардың барлық көрсеткіштер бойынша мінсіз орындалуы еңбек өнімділігінің ұдайы артырылуына тікелей байланысты екені мәлім. Сондықтан кәсіпорындарының басшылары және партия ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру мәселесімен күнбе-күн жеткілікті шұғылданып отырулары керек. Бұл жөнінде, ересе, кәсіпорындары партия ұйымдарының атқаратын ролі өте зор. Олар жұмысшылардың еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өндірістік тапсырмаларды артығымен орындау жолындағы социалистік жарысына тынғылықты басшылық жасауға тиіс. Жұмысшылар мен инженер-техниктердің технологиялық процестерді жетілдіруге бағытталған рационализаторлық ұсыныстарын үнемі қолдап, оны өндіріске енгізуге барлық жағдайды жасап отыру қажет.

Кәсіпорындарында барлық күш-мүмкіншілік жылдық өндірістік жоспарды мөзімінен бұрын және асыра орындауға жұмылдырылсын.

самауында. Дұрысын айтқанда жемішпен қорын жасаудың барысы мал басының көбеюінен көп арта қалып келеді.

Жоғарыда аталған кемшіліктер орын алып отырғанда мал шаруашылығын оған әрі өркендету мүмкін емес. Олай болса, бұдан былайғы жерде мұндай кемшіліктерді біржолата жоюға тиіспіз. Бұл үшін мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру күресіне барлық мүмкіншілікті жұмылдырамыз. Осының нәтижесінде келесі жылы мал басын өсірудің мемлекеттік жоспарын әр түлік бойынша толық орындап, үстіміздегі жылғыдан сыйыр малының — 21,6 процент, қойдың — 22,5 процент, шошқаның — 3,5 есе, жылқының — 11,8 процент және құстың — 3 есе көбейтілуіне жетісеміз. Әрбір сыйырдан 2000 литрден сүт, әрбір қойдан 3,5 килограмнан жүн алу үшін күресеміз.

Быйыл біз қоғамдық малдың жайлы қораларда қыстауы үшін бірқатар жұмыстар жүргіздік. Жақында 150 бастық стандартты сыйыр қорасы мен 40 бастық бұзау үйінің құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Бұрынғы мал қораларының бәрі сапалы жөнделіп болды.

Колхозда қоғамдық мал үшін жемішпен жеткілікті дайындалды деп айтуға болмайды. Мал азығының балансы бойынша қыс аяғына дейін 33.282 центнер жемішпен керек болса, осыдан небары 21.000 центнерден аз-ақ астам шөп дайындалды. Сол себептен көзір егіннің сабаны мен топанын жыйнау жұмысын ұйымдастырып отырмыз.

өнімділігін арттыру шаралары осы бастан белгіленіп, жүзеге асырылуда. Алдағы жылы картоп, оғаш егісі шаршы-ұялы әдіспен егіледі. Мұның өзі картоп пен оғашты механика күшімен жыйнауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге картоп пен оғаш егісі минеральды және жергілікті тыңайтқышпен қоректендіріледі.

Картоп пен оғаш егісінің көлемін ұлғайту, олардан мол өнім жыйнау артельдің ақшадай табысының молаюын қамтамасыз етеді. Бұған жетуге біз міндеттіміз және оған бізде толық мүмкіншілік бар.

ДӘНДІ ЖӘНЕ МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ӨНІМІ АРТА ТҮСЕДІ

Социалистік егіншіліктің мәдениетін көтеру жөнінде айта қаларлықтай жұмыстар жүргізілді. Колхозда шөп танапты ауыспалы егіс тәртібі толығымен игерілді. Соғыстан кейінгі жылдарда дәнді және майлы дақылдардың егіс көлемі едәуір ұлғайып, өнімі артты. Үстіміздегі жылы 3800 гектар дәнді дақыл егілді. оның ішінде жөкелеген учасқоқтерден 100—120 пұттан өнім жыйналды. Осының нәтижесінде мемлекетке астық тапсыру жоспары толық орындалды. Колхозшылар еңбеккүніне астықты мол алды.

Сөз жоқ, дәнді және майлы дақылдардың шығымдылығын арттыруда кейбір елеулі кемшіліктерге жол берілмесе біздің қолжеткен табыстарымыз бұдан да жемісті болған болар еді.

Егіннен мол және тұрақты өнім алу мұндай елеулі кемшіліктерді батыл жоюды талап етеді.

Колхоз басқармасы бұл уақытқа дейін колхозшылардың еңбекке деген ынтасын арттырып отыру мәселесіне жете мән бермей келді. Біз ЦК-мен қаулысынан мұның түбірінен қате екенін түсіндік. Колхоз басқармасы жоспарлы тапсырманы орындаған және артығымен орындаған колхозшыларға қосымша ақы төлеп, сыйлық беріп отыруды ұйымдастыруда.

КОЛХОЗДЫ СЕЛОНЫҢ МӘДЕНИЕТІ ГҮЛДЕНЕ БЕРЕДІ

Көзір колхозды селода электр станциясы, радиоторабы, жетіжылдық мектеп-клуб бар. Бірақ электр станциясы мен радиоторабының қуаты сарқа пайдаланылмай отыр. Селода электр лампасы кіргізілмеген, радио орнатылмаған колхозшылардың үйлері әлі көп. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы бұл кемшілікті жоюды.

1954 жыл — біздің колхоз үшін де зор табыстың да жылы болуға тиіс. Колхозшылар үйі түгелдей радиоландырылып, электрлендіріледі. Мәдениет үйі, балалар ясли салынады. 10 жылдық мектеп жұмыс істейтін болады. Колхоз бақшасы тәртіпке келтіріліп, онда колхозшылардың мәдениеті, көңілі тынығуына қолайлы жағдай туғызылады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде белгілеген бұл шараларды колхозшылар мінсіз жүзеге асырады. Өйткені, олар мұндай игі табыстарға жетуді өздерінің алдына ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

сымда қилетін қимдердің онға тарта жаңа фасонын игерті. Сол фасондар бойынша кәсіптік тігіншілер Надежда Ефимова, Ольга Новичкова, Валентина Бровина, Раиса Чусовитина жолдастар еменалық тапсырманы 160—170 процент орындайды.

Социалистік жарыста жас тігінші Байбакова жолдас та жоғары көрсеткіштерге жетті. Ол тігіншілік мамандығын қысқа мерзімде меңгеріп, көзір норманы 140—150 процентке дейін орындайтын болды.

— Дәстүрлі мереке құрметіне көпшілік құтынатын бұйымдарды әрі көп, әрі әдемі және мықты етіп тігеміз, — дейді тігіншілер.

Х. РАХМАТУЛЛИН.


Механизаторлардың мерекеге тартуы

Шағлы МТС-нің № 15 трактор бригадасының мүшелері МТС-тің трактор бригадаларының өзара социалистік жарысында бірінші орынға ие болып келеді. Олар Октябрь мерекесін зор табыстармен қарсы алу үшін зяб жұрту жоспарына 1 ноябрьге дейін орындап шығуға міндеттенген болатын.

Бұл міндеттеме көзірдің өзінде толық орындалды. Бұл жұмыста тракторшылар И. Шрам, С. Набоко жолдастар күнделікті жұмыс тапсырмаларын үнемі 120—140 проценттен орындап отырды.

Р. УӘЛИЕВ.


ЖАҢА ТЕХНИКА—АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА



ССРО Совхоздар министрлігінің Ростов механика зауыды жылжымалы «ПЭС—8» электр станциясын жасап шығарды. Станцияның көлемі кішкентай, ауырлығы 820 килограмм. Станция генераторының қуаттылығы 8 киловатт, оны 13 аттың күші бар дизель моторы қозғалтып тұрады.

Жаңа электр станциясы қойларды қырқып, колхоз қырманьындағы веялкалар мен басқа машиналардың моторларын айналдырып тұру үшін 36 машинаны бірден қозғалта алады. Станцияның шөп маллау, бақшаларды суару және колхозшылардың үйлері мен мал фермаларына, қырмандағар жарық беруге пайдалануға болады.

Сынауға станцияға жақсы баға берілді. СУРЕТТЕ: жылжымалы «ПЭС—8» электр станциясы. (СОТА-ның фотохроникасы).



«Гомсельмаш» зауыдының жанындағы арнаулы конструкторлар бюросы Агротехника және агрономиялық жер бедерін зерттеудің ғылыми-зерттеу институтының механизациялау лабораториясымен бірлесіп көп, жертезек, минеральдық тыңайтқыш заттар мен өкті лақтырғыш универсалдық «ТУР—7» транспортерін жасап шығарды.

Транспортердің кеңдігі — 7 текшеметр, 5 тонна жүк көтереді. Оған жүк арнаулы механикалық жүк тиегіш арқылы тиеледі. Бұл лақтырғыштың механизмі трактор кабинасының ішіне тартылған жіңішке сым арқан арқылы жүргізіледі. Тракторға тіркелген «ТУР—7» көң лақтырғышты бір тракторшы басқарып, сменасына 10—12 гектар жер жұмыстайды.

СУРЕТТЕ: тыңайтқыш заттарды лақтырғыш-транспортер. (СОТА-ның фотохроникасы).

А. М. Сафронов жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

РСФСР Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасары А. М. Сафронов жолдастың тұтанына елу жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбегі ескеріліп, Арсений Михайлович Сафронов жолдас Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль. 23 октябрь, 1953 жыл.

Жаңа дайындау және сатып алу бағалары бойынша

Овощтың дайындау және сатып алу бағасының артуы, осы өнімді міндетті түрде тапсыру қарқынын күшейтті. Қазақстанның колхоздары мемлекетке әртүрлі оғашты өткен жылғы осы кездегіден 5 мың тонна артық тапсырып, көзір жылдық жоспарды орындауға жақын.

Тұтыну кооперациясы колхоздардан артық оғашты сатып алу жұмысын өткен жылғыдан едәуір жақсы жүргізуде. Республиканың аудандық тұтынушылар одақтары қаустаны мың тонна, ал қыяр мен пиязды екі есе көп дайындады. Колхоздардан кооперация сатып алған 25 мың тонна қарбыз бен қауын еліміздің ірі өнеркәсіп орталықтарына — Қарағандыға,

Челябинскіге, Новосибирскіге, Кемеровоға жөнелтілді. Көзір қапуста, сәбіз, асхана қызылшасын сатып алу жұмысы қызу жүргізілуде. Алматы облыстық тұтынушылар одағы алты мың тоннадан аса әртүрлі оғаш дайындап, жоспарды анағұрлым асыра орындады.

Қазақстанның тұтынушылар кооперациясы оғаш өңдеуге зор көңіл бөлуде. Күнге кептірілген оғаш өткен жылғыдан екі есе артық. Қапуста ашыту жұмысы дыза түсуде, быйыл 1952 жылғыдан 200 тонна қапуста артық ашытылады.

(ҚазТАГ).

Баян орта мектебін бітіргендер жоғарғы оқу орындарына неге түсе алмады

Быйылғы жаздың июль айының соңғы бір күнінде Пресков ауданындағы «Баян» колхозында зор қуаныш болды — онжылдықты бітіріп, өмірдің үшін жолына жолдас алған 20 жас жасөспірімдер мен қыздар жоғарғы оқу орындарына түсу үшін Алматыға аттанды. Алыс сапарға алғаш аттанғалы отырған ауыл жастарын колхозшылар жыйналып шығарып салды. Өз балаларын білім алу сапарына аттандырып жатқан ата-аналардың да қуанышы аз болған жоқ. «Өнер кілті — білімде. Білімді адам болсаң, ешкім пайдаң да көп болады» деген тілсөзбен аттандырды олар, балаларын.

Бірақ, аттанушылардың да, аттандырушылардың да қуаныштары ұзаққа бармады: Баян орта мектебін бітіріп барғандардың бірде-бірі (күміс медальмен бітірген бір оқушыдан басқа) қабылдау емтиханынан өте алмай, өздері қалаған жоғарғы оқу орнына түсе алмады. Олардың көпшілігі кем дегенде 1 немесе 2 сабақтан «нашар» деген баға алып, келесі емтиханға жіберілмеді. Ал, Баян мектебін бітіріп шыққан Лиза Иманова, Зәру Ахмеджанова, Талас Исабаев, Әкежан Жұмадиндер бірнеше сабақтан «нашар» деген баға алды.

Жоғарғы оқу орнына түсе алмағандардың көпшілігі тіл, әдебиет, математика және химия пәндерінен қабылдау емтиханын талсыра алмады. Ал, орыс тілінің жазба жұмысынан емтиханда олардың «нашар» баға алмағандары көпте-кем.

Бнді не істеу керек? Алғашқы сапардың сәтсіздігіне қатысты қызылжаран олардың көбі ауылға қайта оралуға мәжбүр болды. Кейбіреулері амалсыздан Алматы байланыс техникумының екінші курсына оқуға түсті. Баян мектебін бітіріп барғандардың тек үшәуі жоғарғы оқу орнына белгілі мерзімге шартпен қабылданды. Бірақ, жоғарыда айтқандай, олардың да бірде-біреуі өздері қалаған жоғарғы оқу орнына түсе алған жоқ.

Олай болса, Баян орта мектебін бітіретіндердің жоғарғы оқу орнына түсе алмау себебі не?

Нақ осы сұрақты біз Баян орта мектебінің директоры К. Сенжібаев пен мектептің оқу ісін меңгеруші Е. Мусин жолдастарға да қойдық.

— Кәзір жоғарғы оқу орындарына түсу қиындайды ғой. Сондықтан да түсе алмаған ғой, — деп жауап береді олар.

Бірақ, мәселенің шын мәні мүлде басқаша. Оның шын себебі — өз міндеттеріне формальді түрде қарап, өз жауапкершіліктерін ұмытқан Сенжібаев пен Мусин жолдастар басқарған Баян орта мектебі оқытушылар коллективінің жеміссіз жұмыс істегендігінен болып отыр.

Ең алдымен, оқытушылар коллективі өз жауапкершілігін жете түсінбеген. Олар коммунизмнің болашақ құрылысшыларының тәрбиелен отыратындығын, Коммунистік партия мен Совет Үкіметі оларға абыройлы міндет — еліміздің мәдениетті және сауатты азаматтарын тәрбиелеу міндетін жүктен, шикізет сенім білдіріп отырғандығын естен шығарған. Олар өздері бер-

жолдас Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі: «Басында мый жоқ, Өзінде ой жоқ.

Күлкішіл кердең наданның» — деген үзіндіні оқушыларға: «Абай өзінің бұл өлеңінде Октябрь революциясына дейін қазақтардың басында мый, өздерінде ой болмағанын айтып отыр» — деп түсіндірген. Бұдан артық өрескелдік бола ма?!

Оқушылардың сана-сезімін арттырып, өмірге көзқарасын жан-жақты дамытуда тарих пәнінің ерекше роль атқаратындығы мәлім. Баян орта мектебінің жоғарғы кластарына бұл пәннен мектеп директоры Сенжібаев жолдас сабақ береді. Джаманның сабақ беру әдісінде көзделетін кемшіліктер бұл оқытушыға да тән. Сенжібаев жолдас та оқушылардан тарихтағы белгілі даталар мен оқиғалар болған жылды, фактілерді дәлме-дәл жаттап алуды талап етеді. Ал, оқушылардың ол фактілерді қорыттыңдылап, олардың идеялық және саяси маңызын түсінуге көңіл аудармайды. Керек десе, Сенжібаев жолдасдың сабақ беру әдісінде тарихтағы жеке адамдардың қасиетін асыра дәріптеу сияқты, марксизм-ленинизм қағидаларына жат жағдайлар да көзделеді. Мәселен, оқушыларға Петр I, Емельян Пугачев, Степан Разин және басқалары туралы түсіндіргенде ол өзінің бұл қате пікірін уағаздан жұр.

Коммунистік партияның XIX съезі орта мектептердің алдына оқу процесінде политехникалық пәндерді өңгізу негізінде мектепті өмірмен, теорияны практикамен бұрышыдан да тығыз ұштастыра түсу міндетін қойды. Бірақ, Баян орта мектебінде съезд алға қойған бұл игі міндет ойдағыдай жүзеге асырылмай келеді. Мұнда физика, химия, биология және математика пәндерін өмірмен тығыз байланыста, практика жүзінде жүргізуге толық мүмкіншілік бар еді. Ол үшін мектепте көрсеткі құралдар бар, мектептің колхоз өндірісімен тығыз байланыс жасауына әбден болады. Бірақ, іс жүзінде биология, физика, химия пәндерін оқығанда көрсеткі құралдар пайдаланылмайды, оқушыларға бұл пәндерден жүйелі және берік ұғымдар берілмейді. Барлық жұмыс оқушылардың бұл пәндерді тек кітаптан оқумен ғана тыңдырылады, ол ғылымдардың өмірдегі іске асырылу жағдайлары туралы олар ешқандай мағлұмат ала алмай жүр.

Бұл мектепте, әсіресе, математика және химия пәндері өте үстірт жүргізіліп келді және быйыл да үстірт жүргізілуде. Математика пәнінің оқытушысы Мусин жолдас өткен оқу жылының соңғы екі тоқсаны бойы IX—X-класс оқушыларының өткен сабақтардың үнемі тығыздығы түрде қайталап отыруына да жеткілікті назар аудармады. Оларға үй жұмысына тапсырманы мөлшерден тыс көп берді, берілген тапсырмалардың орындалуын қадағалап отырмалы. Ал, химия пәнінің оқытушысы Ж. Абдрахмановтың өзі бұл сабақты жеткілікті білмейді. Өйткені, оның мамандығы тарихшы. Өткен оқу жылында мектеп директорының өңі-

тапғысыз дәрежеде. Әрбір оқушының сабақ үлгеруін арттыру үшін олардың әрқайсысының қабілеттері мен бейімділігін ескеріп, олардың қандай сабақтан және қай тараулардан үлгері алмай жүргендігін еске алып, әрбір оқушымен жеке-жеке жұмыс жүргізу — бұл мектептің оқытушыларының ешқашан да қолға алмаған ісі. Кәзір мектепте өткен жылы жүргізілген мына сияқты зиянды тәжірибе тағыда қайталанылып жүр: бұл сайын «нашар» баға алған оқушылар сабақ артынан мектепте қалдырылады, олар сол сабақтан мектепте отырып дайындалып, «нашар» бағаларын жойғанша үйлеріне жіберілмейді. Ал, бұл уақытта оқытушы ол оқушылармен бірге болып, түсінбегендерін түсіндірудің орнына, оқытушылар белмесінде отырып, оқушылардың «дайынбыз» деген сөзін күтеді.

Мектеп басшылары бұл жарамсыз әдіске тыйым салудың орнына, оны дәріптеу жолына түскен. Мектеп партия ұйымының секретары Ә. Нұғыманов жолдас шімірлікестен:

— Бұл жағдай біздің «нашар» деген бағаларды күн сайын жойып отыруымызға мүмкіншілік береді, — дейді.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысының асынама төзгісіз төмен дәрежеде болу себебі неде?

Мұның себебі, ең алдымен, мектеп директоры Сенжібаев және оқу ісін меңгерушісі Мусин жолдастардың мектептің оқу-тәрбие жұмысына нақты, жаңды басшылық жасай алмағандығында. Оқытушылар коллективінің жұмысына тұрғы басшылық жасау, оларды оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жұмылдыру, оқытушылардың өз жұмысына жауапкершілігін арттыру — мектепте оқу-тәрбие жұмысын жоғары сатыға көтерудің негізгі шарты болып табылады. Амағар, мектеп өмірі үшін аса қажетті бұл жағдай бұл мектепте ескерілмей отыр. Ең алдымен, оқытушылар коллективінің жұмысында ұйымшылдық жоқ. Сол сияқты, тәрбие ауысу сияқты аса қажетті жұмыс жүргізілмейді, немесе, үстірт жүргізіледі. Мысалға мына фактіні алайық. Мектеп директоры Сенжібаев өз бойын коллективтен аулақ ұстап, оқшауланушылыққа түскен. Оның өз сабағына ешбір оқытушыны кіргізбейтінін ешкім жалған дей алмайды. Бұл жағдай Мусин жолдасқа да тән. Өткен оқу жылында және быйыл да олар өздерінің анық сабақ өткізуін бірде-бір рет ұйымдастырмаған.

Мұның себебі — олар өздерінің сабақ беру әдісіндегі кемшіліктерді басқаларға әйгі етпей көздейді, коллективтің тапқысы мен сынынан ат-тоңдарын ала қашады, сөйтіп, оқытушылар арасында сын мен өзара сыныптық өртеуіне өздері көріке-көзге жол бермейді.

Рас, Сенжібаев пен Мусин жолдастардың өздері жас оқытушылардың сабағына оқу-тәрбие қатынасады. Бірақ, олардың бұл қатынасуынан жас оқытушылардың көріп жүрген кемегі де аз. Бұлай дейтін себебіміз — бұл жолдастар өздері қатына-

КИНО

Ерлік туралы фильм



СУРЕТТЕ: «Кемелер қамалдарға шабуыл жасайды» фильмінен кадр.

Қаладағы «Ударник» кинотеатрының экранында «Адмирал Ушаков» фильмінің екінші сериясы — «Кемелер қамалдарға шабуыл жасайды» фильмі көрсетіліп жатыр. Бұл фильм орыстың флот қолбасшысы Федор Федорович Ушаковтың әскери талантын және орыс матростарының ерлік істерін баяндайды.

XVIII ғасырдың аяқ кезінде болған буржуазиялық революциядан кейін Франция өзінің прогресшіл маңызын жойып, басқа елдердің тәуелсіздігіне қол сұғушы, жаулап алушы мемлекетке айналды. Император Наполеон Бонапарт бүкіл әлемге өктемдік жүргізуді мақсат етті. Оның солдаттары Еуропаның бірсыпыра мемлекеттерінің тәуелсіздігін жойып, Россияға, Англияға, Түркияға хауіп төндіре бастады. Бұл кезде Россияда император Павел I еді. Ол дарынсыз, ел басқаруға қабілетсіз адам болатын. Түркия өзінен күшті Россияға басқыншыларға қарсы одақ құруды, орыс және түрік соғыс-теңіз флотын бір орталыққа бағындырып, оған қолбасшылыққа әлемге даңқы жайылған Ушаковты тағайындауды ұсынды.

Орыс адамдары өздеінің талантты қолбасшысы Ушаковтың соғынан еріп, Отанынан тысқары жерлерде аса күрделі міндеттерді орындайды. Олар француз отаршыларының тепкісінен көп халықтарды азат етіп, ерліктің тамаша үлгілерін көрсетеді. Әсіресе, сол уақытта алынбас қамал делініп келген Корфу қамалын орыс флотының шабуылмен алуы тарихи шындық негізінде фильмде айқын бейнеленген. Алыстағы Египетте жатып, Бонапарт қамалдың беріктігін еске ала келіп, Корфуді Ушаков шабуылмен алапты дегенге сенбейді. Уша-

Вьетнам Халық армиясының қыймылдары

ПЕКИН, 22 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады:

Вьетнам бас командованиясының ресми мазмұндамасында Вьетнам Халық армиясы 1953 жылғы 31 жолыда аяқталған, 12 ай мерзімнің ішінде Қызыл өзен бойындағы ұрыстарда дұшпанның 52 мыңнан астам солдаттарын қатардан шығарып, соның ішінде 10.550 адамды қолға түсіргендігі айтылады. Осы уақыттың ішінде Вьетнам Халық армиясы 1628 автомашинаны, 58 танкты, 53 артиллерия зеңбірегін, 259 тонна соғыс қим-кешектерін, 6 канонер қайығын, 4 самолетті жойып, мұнан басқа дұшпанның бақылауындағы 740 километр тас жолдарды қыратқан. 74 артиллерия зеңбірегі, 2079 пулемет, 172 радио қабылдағыш қолға түсірілді.

Осы уақыттың ішінде Вьетнам Халық армиясы дұшпанды 162 бекініс пункттерінен қуып шығып, Қызыл өзен жағасындағы ауданның үштен екі бөлігін өз бақылауына алды.

Англиядағы ереуіл қозғалысы

ЛОНДОН, 23 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, мұнай автоцистерналарының ереуіл жасаушы 6 мың жүргізушілері кеше Лондонда жұмысқа қайтып келуге шақырған үкімет пен көсіподақтардың ұсынысын орындаудан бастартқан. Ереуіл жасаушылар жалақының арттырылуын талап етуде.

Ереуілге байланысты 5600 машинасы бар Лондонның таксомотор паркінің жартысынан астамы жұмыс істемейді.

ЛОНДОН. Жалақының арттырылуын талап етіп, мұнай құятын автоцистерналардың 6 мың жүргізушілері Лондонда төртінші күн ереуіл жасауда. Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, ереуілдің нәтижесінде бүкіл қалалық транспорттың жұмысы толыққа жуық тоқтаған. Еңбек министрі Монктон ереуіл жасаушы автоцистерналарды жүргізушілердің орнына үкімет әскерлерді пайдалануды ұйғарды деп мәлімдеген.

ЛОНДОН. Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Англиядағы 6 аэропорттың механиктері жалақыны 15 процент арттыру жөніндегі олардың талаптары қанағаттандырылғанға дейін «кешегідей жұмысының» әдісін қолдануды ұйғарған.

КАНАДАДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ОТТАВА, 23 октябрь. (СОТА). «Глоб энд Мейн» газеті Оттарио провинциясының целлюлоз-қағаз өнеркәсібінің 10 мыңнан астам жұмысшылары жалақыны арттыруды талап етіп, ереуіл жариялағандығын хабарлайды.

«Газетт» газеті Квебек провинциясының солтүстік-батыс бөлігіндегі Нораид ауданында осы уақытқа дейін жұмыс істеп келген «Уэйт амулет» руднит ереуілдің нәтижесінде жабылғандығын жазады. Бұл ауданда ереуіл жасаушыларының қайып кеткендігі туралы хабарланды.

